



1 маусым балаларды қорғау күніне арналған
«Бақытты балалық шақ» атты
мерекелік ертеңгілік



«Түймедақ» ересек тобы

Тәрбиеші: Сүйінбаева Ж. Қ.

Ақтөбе 2022 жыл

Балабақша алаңы мереке сай безендірілген.

Мақсаты: балалардың жеке қасиеттерін дамыту, тақпақ, өлең, әндерді нақышына келтіре айтуды үйрету. Бір – бірін сыйлауға, адамгершілік қасиеттерін жоғалтпай ұстауға жетелеу. Достық сезімдерін тәрбиелеу.

Көрнекілігі: нақылсөздер, түрлі-түсті шарлар,

Жүргізуші:

Сәлеметсіздер ме балалар! Жаздың алғашқы күні 1 маусым-Балаларды қорғау күні құтты болсын! Баршаңызға ашық аспан, бейбіт өмір, сәбилерге бақытты балалық шақ, әрқашан сыңғырлаған күлкі тілейміз!

Арманы бір, үні бір,
Аға ардақты, іні бір
Бақыт туын көтерген
Балалардың күні бұл.
Бала бағы бар елдің.
Гүлмен келсін келер күн
Балалардың күлкісі
Көркі, сәні әлемнің.

Ән: «Отан Ана»

Құттықтау сөз кезегі балабақшамыздың меңгерушісі: А.Е. Ескалиеваға беріледі.

Жүргізуші: Ой балалар бізді мерекемен құттықтап қонақтарымыз келе жатыр қане қарсы алайық. (ортаға Күлдірген мен Қуыршақ келеді).

Күлдірген: Сәлем достарым менің! Бұл не мереке? Нені тойлап жатырсындар? Бізге неге айтпадыңдар, а?

Қуыршақ: Біз кешігіп қалған сияқтымыз, достарым біздер кешігіп қалған жоқпыз ба?

Жүргізуші: Келіңіздер, сіздер кеш қалған жоқсыздар, дәл келдіңіздер, сендердің келгендерің қандай жақсы болды, бүгін мына кішкентай бүлдіршіндердің мерекесін тойлап жатырмыз. Төрге шығыңыздар!

Балалар келген қонақтармен бірге қосылып ән шырқайық.

Ән «Ала доп, қызыл доп»

Жүргізуші: Ақылды балапан бүгінгі,

Көркейтер күніңді ертеңгі,

Үйренген өнерін көрсетсін

Бүлдіршін балалар белсенді.

Ендігі кезекті орталықтың бүлдіршіндеріне берейік.

Тақпақтар:

Бекзат:

Бала, бала, баламыз

Бақшамызға барамыз

Күні – бойы қызыққа

Батамыз да қаламыз.

Нұрдана:

Мен гүлдерді жұлмаймын
Торғайларды қумаймын
Айтқан сөзді тыңдаймын
Апашымды сыйлаймын

Інжу:

Көжегім тұршы
Бетінді жушы,
Айнаға қарашы,
Шашыңды тарашы.

Абылайхан:

Алма сыйлап бөбекке
Алма ағаштар сарғайған
Төгілген тер шелектеп
Көрінеді мандайдан.

Жүргізуші: Иә, рас, бала болған бәрі де,
Салған олар балалықтың әнін де.

Бала кезін еске алып отырсақ,
Сол емес пе тіршіліктің мәні де! - дей келе құрметті ата – аналар балалық
шағымызды еске ала отырып, Күлдіргеннің бізге ала келген ойынын ойнайық.

Ойын: «Гүлдер терейік»

Мақсаты: балаларды шашылып жатқан гүлдерді жинап себетке салады.

Ойын: «Құрсаудан өтіп көр»

Жүргізуші: Көк жиектен күлімдеп,

Маусымның таңы атты
Тұра қойшы күнім – деп,
Анаң сені оятты –
Даналардың тілегі,
Балалардың тілегі
Ауырмасын ешқашан
Аналардың жүрегі.

Ән: «Отан ана, сүйеміз із өзіңді»

Қуыршақ: Балалар мен сурет салғанды өте жақсы көремін.

Жүргізуші: Қандай керемет, қане балалар біз қуыршақ пен бірге сурет салуға
аттанайық.

(мереке соңында балалар асфальтқа сурет салуға аттанды).

